

**Қазақстан Республикасының Женева қаласындағы (Швейцария Конфедерациясы)
Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы
Тұрақты Өкілі резиденциясының ғимаратын жобалау және салу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 желтоқсандағы N 1282 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Женева қаласындағы (Швейцария Конфедерациясы) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Тұрақты Өкілі резиденциясының ғимаратын (бұдан әрі - Ғимарат) Женева қаласы, (12) Chemin du Prunier 1218 GRAND-SACONNEX мекен-жайы бойынша жобалау және салу туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы қабылдансын.

2. Ғимаратты жобалау мен салуды қаржыландыру:

1) 2003 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік сатып алу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төленетін күнге белгіленген бағам бойынша 2150399 (екі миллион бір жүз елу мың үш жүз тоқсан тоғыз) АҚШ долларына баламалы;

2) 2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі төлейтін күнге белгілеген бағам бойынша 549601 (бес жүз қырық тоғыз мың алты жүз бір) АҚШ долларына баламалы сомада к е з е н - к е з е н м е н ;

3) 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 009 "Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктерін орналастыру үшін шетелде жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу және салу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен валюта айырбастаудың берілетін құнгі нарықтық бағамы бойынша 870000 (сегіз жүз жетпіс мың) АҚШ долларына баламалы жүзеге асырылатын болады деп белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.14. N 1124 қаулысымен.

3. "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Ғимаратты жобалау және салу бойынша сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды , жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді беруші болып "Mabco Constructions s.a" компаниясы (Швейцария Конфедерациясы) белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Ғимаратты жобалау мен сатуды қаржыландыру үшін бөлінген қаражатты оңтайлы әрі тиімді жұмсау қағидатының сақталуын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы З және 4-тармақтарының орындалуын қамтамасыз етсін;

Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрлігімен бірлесіп, осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланулын бақылауды жүзеге асырсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК